

Ұнғымаларды бұрғылаудан эмиссиялардың (өндіріс қалдықтары, сарқынды сулар бөлігінде) түзілу көлемдерін есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 3 мамырдағы № 129-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 7 маусымда № 7714 тіркелді

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 38-5) тармақшасына с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Ұнғымаларды бұрғылаудан эмиссиялардың (өндіріс қалдықтары, сарқынды сулар бөлігінде) түзілу көлемдерін есептеу әдістемесі бекітілсін .

2. Экологиялық заңнама және құқықтық қамтамасыз ету департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Экологиялық реттеу және бақылау комитеті заңнамамен белгіленген тәртіпте бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін және осы бұйрықты аумақтық бөлімшелердің және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

М. Мұхамбетов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қоршаған ортаны қорғау министрінің

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 3 м а м ы р д а ғ ы

№ 129-ө бұйрығымен бекітілген

Ұнғымаларды бұрғылаудан эмиссиялардың (өндіріс қалдықтары, сарқынды сулар бөлігінде) түзілу көлемдерін есептеу әдістемесі

1. Жалпы ереже

1. Осы Ұнғымаларды бұрғылаудан эмиссиялардың (өндіріс қалдықтары, сарқынды сулар бөлігінде) түзілу көлемдерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) ұнғымаларды бұрғылаудан өндіріс қалдықтары мен сарқынды сулардың түзілу көлемдерін есептеуге бірыңғай әдіснамалық тәсілді құру, сондай-ақ қоршаған ортаға

эмиссияларды одан кейінгі анықтау мақсатында әзірленген.

2. Ұңғымаларды бұрғылау Қазақстан Республикасы Экологиялық кодекспен белгіленген экологиялық талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

2. Өндіріс қалдықтарының түзілу көлемдерін есептеу әдісі

3. Барлық ұңғыманың бұрғыланған жынысының жиынтық көлемі мына формула бойынша есептеледі:

$V_{\text{ж}} = \sum V_{\text{ж.ара.}}$	м^3	(1)
---	--------------	-----

мұнда $V_{\text{ж.ара.}}$ – ұңғыма аралығының бұрғыланған жыныс көлемі, м^3 .

$V_{\text{ж.ара.}} = K_1 \times \pi \times R^2 \times L,$	м^3	(2)
---	--------------	-----

мұнда K_1 – кеуектілік коэффициенті (белгілі бір жыныс көлеміндегі барлық кеуектер көлемінің осы жыныс көлеміне қатынасымен көрсетілген кеуектілік шамасы);

R – ұңғыма аралығының радиусі, м;

L – ұңғыма аралығының тереңдігі, м.

4. Бұрғылау шламының көлемі мына формула бойынша анықталады:

$V_{\text{ш}} = V_{\text{ж}} \times 1,2,$	м^3	(3)
---	--------------	-----

мұнда 1,2 – бұрғыланған жыныстың босауын ескеретін коэффициент, геологиялық кеніштің ерекшеліктерін ескере отырып өзгеруі мүмкін және есептеулермен негізделеді.

5. Бұрғылау шламының массасы мына формула бойынша есептеледі:

$M_{\text{ш}} = V_{\text{ш}} \times \rho,$	т	(4)
--	---	-----

мұнда ρ – бұрғылау шламының көлемді салмағы, $\text{т}/\text{м}^3$.

6. Пайдаланылған бұрғылау ерітіндісінің көлемі мына формула бойынша есептеледі

:

$V_{\text{ПБЕ}} = 1,2 \times V_{\text{ж}} \times K_1 + 0,5 \times V_{\text{ж}},$	м^3	(5)
--	--------------	-----

мұнда K_1 – дірілдегіш елеуіште, құм ажыратқышта және тұнба ажыратқышта тазарту кезінде шламмен бөлінетін бұрғылау ерітіндісінің шығындарын ескеретін коэффициент ([1] сәйкес $K_1 = 1,052$);

$V_{\text{а}}$ – бұрғылау қондырғысының айналым жүйесінің көлемі, м^3 . Бұрғылау қондырғысының айналым жүйесінің көлемі қондырғының паспорттық деректеріне сәйкес анықталады;

бұрғылау ерітіндісін қайталама пайдаланған кезде 1,2-ден 0,25-ке ауыстырылады.

7. Пайдаланылған бұрғылау ерітіндісінің массасы мына формула бойынша есептеледі:

$M_{\text{ПБЕ}} = V_{\text{ПБЕ}} \times \rho,$	т	(6)
--	---	-----

мұнда P - пайдаланылған бұрғылау ерітіндісінің үлестік салмағы, т/м^3 .

3. Бұрғылау сарқынды суларының түзілу көлемдерін есептеу әдісі

8. Бұрғылау сарқынды суларының түзілу көлемі мына формула бойынша есептеледі

:

$V_{\text{БСС}} = 2 \times V_{\text{ПБЕ}}$	м^3	(6)
--	--------------	-----

айналмалы сумен қамсыздандыру енгізген кезде 2-ден 0,25-ке ауыстырылады.

9. Бұрылатын бұрғылау сарқынды суларындағы ластаушы заттар төгінділерінің массасы мына формула бойынша анықталады:

$M_i = V_{\text{БСС}} \times C_i \times 10^{-6}$,	т	(7)
--	------------	-----

мұнда C_i – бұрылатын сарқынды сулардың құрамына сәйкес i -ші ластаушы заттың шоғырлануы, г/м^3 .